

Политехникалық пәндер әдістемелік бірлестігінің мақсаты:

Оқытудың жаңа технологияларын сабақтарға енгізе отырып, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету. Техникалық кәсіптік білім бере отырып, кәсіби мамандыққа баулу.



Бірлестіктің құрамы:

№	Аты-жөні	Туған жылы	Білімі	Сан а-ты	Еңбек өтілі	Мамандығы	Аттест өткен уақыт	Қашан өтеді
1	Сыязбаева Ә.Қ	08.03.62	жоғары	жоғары	33	Химия, Биология	2015	2020
2	Орынбаева Г.Т.	07.07.78	жоғары	I	16	Информатика Математика	2013	2018
3	Қайырбекқызы Дана	07.12.89	жоғары	-	3	Физика	-	2019
4	Ибраева.Ж.Н.	13.10.78	жоғары	II	11	Химия, Биология	2015	2020
5	Қажымұратов С.Қ	10.02.85	жоғары	I	12	Дене тәрбиесі	2017	2022
6	Шәріпханұлы А	20.04.92	жоғары	-	5	Дене тәрбиесі	-	2019
7	Амиргалиев С.С.	01.01.62	жоғары	I	33	Алғ.әскери даярлық және дене тәрбиесі пәні	2014	2019
8	Сатпаева А.Д.	21.02.87	жоғары	-	2	Информатика пәні	-	2021

Политехникалық пәндер бірлестігінің құрамында 8 мұғалім бар.

Барлық мұғалімдер жоғары білімді.

Жоғары санатты мұғалімдер саны: **1**

I - санатты мұғалімдер саны: 3

II – санатты мұғалімдер саны: 1

Санаты жоқ мұғалімдер саны: 3

Бірлестіктің түйінді тақырыбы: Студенттердің политехникалық пәндерге деген қызығушылығын арттыру, оқытудың жаңа технологиясын сабақтарға енгізе отырып, өз мамандықтарын игеруде кеңінен қолданыс табуына ықпал ету.

Оқу жылының басында бірлестіктің жоспары құрылып, бекітілді. Бірлестіктің мүшелері белгіленген жоспар бойынша өз жұмыстарын ізденіспен атқарды. Баспасөз басылымдарына жазылып, отырыстар уақытында жүргізіліп, өз білімдерін көтерді. Отырыстар уақытында жүргізіліп, апталық, ашық сабақтар мен шаралар жоспар бойынша өткізілді. Негізгі колледж бағдарламасы бойынша политехникалық пәндерден алынған сынақ, бақылау жұмыстары қорытындыланды. Жыл көлемінде өткізіліп жатқан облыстық олимпиада, конкурстарға да қатысып, студенттер өз білімдерін көрсете білді. Оның ішінде 2018 жылдың 20 сәуірде «Семей технология колледжі» КММ химия пәнінен өткен облыстық пән олимпиадасына С-3 тобының студенті Бекетова Аяужан қатысып, жүлделі II орынға ие болды. Студентті дайындаған химия пәнінің оқытушысы Ибраева Жазира Нұрбекқызы грамота, сертификаттармен марапатталды.

Осы оқу жылында политехникалық пәндер бірлестігі **«Нақты ғылымдар дүние кілті»** тақырыбында апталық өткізді.

Апталықтың мақсаты: «Студенттердің жаратылыстану пәндерінен танымдық деңгейлерін көтеріп, заманауи ақпараттық технологияларды үйлесімді қолдана отырып, қызығушылықтарын арттыру, салауатты өмір сүруге, өз бетімен ізденуге, жігерлікке тәрбиелеу».

Апталықта жоспар бойынша белгіленген ашық сабақтар, интеллектуалдық ойын сайыстар, қорытынды кеш студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыра түсті. Студенттер ақпараттық басылым күні ребустар, реферат пен буклеттер, қабырға газеттерін өз қолдарымен жасап әкеп ілді.

1. Дене тәрбиесінің мұғалімі Шәріпханұлы Асылан Д-3 тобымен «Баскетбол: Ойын тактикасы, екі жақты ойын» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ түрі: ойын сабағы болды. Әрбір бөлімі жоспар бойынша жүргізілді. Кіріспе бөлімінде сапқа тұрғызу, орында саптық жаттығулар, дене қыздыру жаттығулары, жүру жаттығулары жасалды. Негізгі бөлімде жаттығуды толық жасауын, допты дұрыс алып жүруін, ереже бойынша екі жақты баскетбол ойынын көрсетті. Қорытынды бөлімінде қателескен балаларға ескерту жасалып, қателіктері түзетілді, бағалау жұмыстары жүргізілді. Сабақ «жақсы» деп бағаланды.



2. Физика пәнінің мұғалімі Қайырбекқызы Дана 1-курстар арасында «Көшбасшы» атты физика пәнінен сайыс өткізді. Әрбір кезеңді слайдтар арқылы көрсетіп отырды. І-кезеңде тест сұрақтары таратылып, жауаптар алынды. Ал сайыстың қалған кезеңдері физикалық сұлбаларға, есептерге, тәжірибелерге, логикалық сұрақтар мен физикалық жұмбақтар шешуге бағытталды. Сайыста түрлі әдіс-тәсілдер, көрнекі құралдар қолданылып эстетикалық талаптарға сай өте қызықты өткізілді. Студенттерге білімдеріне қарай орындар берілді. Сайыс «өте жақсы» деп бағаланды.



3. Биология пәнінің мұғалімі Сиязбаева Әлия мен дене тәрбиесінің мұғалімі Қажымұратов Серік өз пәндерін байланыстыра отырып, кіріктірілген көңілді сөрелер сайысын өткізді. Сайыс студенттер үшін тартысты да қызықты болды. Мұғалімдер ақпараттық технология құралдарын қолданып слайдтар жасаған, биология пәнінен қолданылатын көрнекі құралдарды, кестелер мен сызбаларды, пән бойынша атақты ғалымдар жайлы деректерді пайдаланды. Дене тәрбиесінен доппен, тениспен, т.б ойын әдістері көрсетілді. Мұғалімдер мақсатына жетті, шара «Өте жақсы» деп бағаланды.



4. Информатика пәнінің мұғалімі Орынбаева Гүлзат С-3 тобында «MS WORD мәтіндік процессоры» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Сабақ түрі аралас сабақ болды, 6 кезеңнен тұрды. Студенттерді топқа бөлу әдісі жүргізіліп, псих тренинг өткізілді. Үй тапсырмасы «Алтын асықты сұрақтар» ойыны ретінде жүрді. Бұнда топтық оқыту, ой қозғау, СТО технологиясының элементі, Шаталовтың тірек-сызбалары, ассоциация әдістері қолданылып, топтар арасында өзіндік бағалау, жеке бағалау жүргізілді. Сабақты бекіту кезеңі 3 кезеңнен тұрды. 1 кезең Домино ойыны түрінде, Блиц сұрақтар қойылып жауаптар алынды. Ал 2 кезеңінде жеке – жеке практикалық тапсырмаларды орындады. Сабақта Қараевтың дейгейлеп оқыту технологиясын қолданылып, слайдтарды пайдалана отырып өткізді. Студенттер оқып отырған сылақшы мамандығымен байланыстыра білді. Соңында сабақ қорытындыланып рефлексия (кері байланыс) жасалды, студенттер білімі бағаланды. Мұғалім мақсатына жетті, сабақ «өте жақсы» деп бағаланды.



5. Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Амирғалиев Серікбол «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік - жігіттің қасиеті» тақырыбында 1-3 курстар арасында сайыс өткізді. Студенттер әскери форма киініп, әр кезеңнің тапсырмаларына шамалары келгенше нәтиже көрсетті. Сайыс өз дәрежесінде өтті, «жақсы» деп бағаланды.



6. География пәнінің мұғалімі Абакирова Айнара «География лидері» сайысын өткізді. Сайысқа А-10 және ВС-5, Д-3 топтары қатысты. Мұғалім ақпараттық технологияны қолданып, слайдтар арқылы сайыс өткізді. Сайыста түрлі логикалық сұрақтар мен географиялық жұмбақтар, көрнекі құралдар қолданылып, эстетикалық талаптарға сай қызықты өткізілді. Студенттерге білімдеріне қарай орындар берілді. Сайыс «жақсы» деп бағаланды.



7. Математика пәні мұғалімі Г.Орынбаева мен химия пәні мұғалімі Ж.Ибраева жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылықтарын, білімге деген құштарлықтарын арттыру, студенттерді өз бетімен ізденуге, білімін шығармашылық тұрғыдан дамытуға, өз бетімен қорытынды жасауға үйрету, сөз байлығын, байқағыштығын, ойлау қабілетін дамыту, студенттердің мақсатқа жету барысында жауапкершіліктерін жетілдіру, жетістіктерге жетуге тәрбиелеу мақсатында «Нақты ғылымдар дүние кілті» атты қорытынды кеш ұйымдастырды. Кешке 1-3 курс студенттері қатысты. Кеш 7 кезеңнен тұрды, топ басшылары сайланып, әр топ өздерін таныстырды. Әр кезеңге арналып жасалған слайдтар, көрнекі құралдар, плакаттар мен шарлар кештің көркін келтірді. Студенттер белсене қатысты, көрермендермен де ойын жүргізілді, кеш өте қызықты, жинақы өткізіліп «өте жақсы» деп бағаланды. Сайыс сонында қатысқан студенттерге сыйлықтар тапсырылып, марапатталды.



Апталықтағы әрбір өткізілген ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар шығармашылықпен өз дәрежесінде өткізілді.

